

**Есеп Саясаты, Бухгалтерлік
Есеп Бағалауларында
Болатын Өзгерістер мен
Қателер**

Дәріс жоспары

- 1. Есеп саясатын таңдау және қолдану**
- 2. Бухгалтерлік есеп бағалауындағы өзгерістер**
- 3. Қателер**

**8-ші Халықаралық Қаржылық
Есептілік Стандарты (IAS 8)
Есеп Саясаты, Бухгалтерлік
Есеп Бағалауларында
Болатын Өзгерістер мен
Қателер**

Мақсаты

Осы Стандарттың мақсаты есеп саясатын таңдау және өзгерту талаптарын, сондай-ақ есеп саясатындағы өзгерістерді есепке алу және ашып көрсету тәртібін, бухгалтерлік есеп бағалаулардағы өзгерістерді және қателерді, түзетулерді анықтау болып табылады. Стандарт ұйымның қаржы есептілігінің маңыздылығын және сенімділігін, сондай-ақ осы қаржы есептілігін ұзақ уақыттан бері қолданылуына және басқа ұйымдардың қаржы есептілігімен салыстыруға арналған.

Қолдану аясы

Осы Стандарт есеп саясатын таңдау және қолдану, сондай-ақ есеп саясатындағы өзгерістерді, бухгалтерлік есеп бағалауларындағы өзгерістер және өткен кезеңнің қателерін түзетулер кезінде міндетті түрде қолданылуы тиіс.

Есеп саясаты - бұл ұйым қаржы есептілігін дайындау және ұсыну үшін қолданатын нақты қағидаттар, негіздер, келісімдер, ережелер және тәжірибе.

Бағалаудағы есептік өзгеріс - бұл активтің немесе міндеттемелердің қаржы есептілігі туралы есептік құнын немесе активті кезең-кезеңмен тұтынуда активтердің және міндеттемелердің ағымдағы жай-күйін бағалау салдарынан болатын, сондай-ақ оларға байланысты күтілетін болашақ пайдалар мен міндеттерге байланысты өлшемін түзету.

Өткен кезеңнің қателері - бұл ұйымның бір немесе одан көп кезеңдегі мынадай сенімді ақпаратты пайдаланбауы немесе қате пайдалануы салдарынан қаржы есептілігіндегі қателер және сенімсіз деректер:

(a) осы ақпарат осы кезеңдердің қаржы есептілігін бекіту үшін рұқсат етілген болғанда; және

(b) берілген ақпаратқа қатысты оның осы қаржы есептілігін дайындау және ұсыну кезінде алынатын және ескерілетінін күту негізделген болуы мүмкін болған кезде.

Ретроспективтік қолдану - бұл жаңа есеп саясатын операцияларға, басқа оқиғаларға және жағдайларға осы саясатты үнемі қолданылатындай түрде қолдану болып табылады.

Ретроспективтік қайта есептеу - бұл өткен кезеңнің қателері ешқашан болмаған жағдайда, қаржы есептілігінің элементтеріндегі сомаларды тануды түзету, бағалау және ашып көрсету.

1. Есеп саясатын таңдау және қолдану

Операцияларға, басқа оқиғаларға немесе жағдайларға нақты қолданылатын осындай ХҚЕС (IFRS) болмағанда, ұйымның басшылығы мынадай ақпараттың пайда болуына әкеп соғатын есеп саясатын жасау және қолдану үшін **өзінің пайымдауын** қолдануы міндетті:

- (а) экономикалық шешімдер қабылдаған кезде пайдаланушылардың қажеттілігі тұрғысынан алғанда маңызды; және

(b) қаржы есептілігінің:

(i) ұйымның қаржылық жай-күйін, қызметінің қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын шынайы беретіні;

(ii) операциялардың, басқа оқиғалардың және жағдайлардың тек заңды нысанын ғана емес, экономикалық маңызын көрсететіні;

(iii) тура, яғни біржақты болмауы;

(iv) тиянақты болуы; және

(v) барлық материалды ескере отырып, толық болуы.

Есеп саясатының жүйелілігі

Ұйым өзінің есеп саясатын ХҚЕС (IFRS) басқа есеп саясаты қолданылу мүмкін баптарды санаттауды нақты талап еткен немесе рұқсат еткен жағдайларды қоспағанда, ұқсас операциялар, басқа оқиғалар және жағдайлар үшін **жүйелі таңдауға және қолдануға міндетті**. Егер ХҚЕС (IFRS) баптарын осылай категориялау талап етілсе немесе рұқсат етсе, тиісті есеп саясаты міндетті түрде әрбір санатқа қатысты жүйелі таңдалуы және қолданылуы тиіс.

Есеп саясатындағы өзгерістер

Ұйым өзінің есеп саясатын тек мына жағдайларда ғана **өзгерте алады**:

- (a) **ХҚЕС**-мен талап етілген; немесе
- (b) қаржы есептілігі операцияның, басқа оқиғалардың немесе жағдайлардың ұйымның қаржылық жай-күйіне, оның қызметінің қаржылық нәтижелеріне немесе ақша қаражатының қозғалысына әсер етуі туралы **сенімді және неғұрлым маңызды ақпарат беруіне әкеп соғатын болса** ғана өзгертуге міндетті.

Келесі іс-әрекеттер есеп саясатының өзгерістері болып табылмайды:

- (a) есеп саясатын бұрын болғандардан мәні бойынша айырмашылығы бар операцияларға, басқа оқиғаларға немесе жағдайларға қолдану; және**
- (b) жаңа есеп саясатын бұрын болмаған немесе маңызды болмаған операцияларға, басқа оқиғаларға немесе жағдайларға қолдану.**

Ретроспективалық қолдану тәсілі

Есеп саясатындағы өзгеріс ретроспективалық түрде қолданылған кезде ұйым ең ерте ұсынылған кезеңдегі меншікті капиталының әрбір қозғалған құрамдас бөлігінің кіріс сальдосын және есептілікте берілген алдыңғы әрбір кезеңде ашылған тиісті басқа сомаларды, егер жаңа есеп саясаты үнемі қолданылатын болса, түзетуге міндетті.

Ақпаратты ашып көрсету

Қандай да болмасын ХҚЕС-ты (IFRS) бастапқы қолдану ағымдағы кезеңге немесе қандай да болмасын өткен кезеңге әсер еткен не тиісті түзету сомасын айқындауға шын мәнінде мүмкін болмағанды қоспағанда, осындай әсер еткен не болашақ кезеңдерге әсер ете алатын кезде, ұйым мынадай ақпаратты ашып көрсетуге міндетті:

- (a) осы ХҚЕС-тың (IFRS) атауы;
- (b) мұны қолдануға болған кезде - есеп саясатының осы өзгерісі оның өтпелі ережелеріне сәйкес орындалған фактісі;

- (c) есеп саясатының өзгеру сипаты;
- (d) мұны қолдануға болған кезде - тиісті өтпелі ережелердің сипаты;
- (e) мұны қолдануға болған кезде - болашақ кезеңдерге әсер ете алатын өтпелі ережелер;
- (f) ағымдағы және ұсынылған әрбір кезең үшін түзетулердің сомасын;
- (g) қаржылық есепте берілген алдыңғы кезеңдерге қатысты тиісті түзету сомасын - бұған нақты мүмкін болған дәрежеге дейін; және
- (h) ретроспективалық қолдану қандай да болмасын алдыңғы кезең бойынша немесе берілген кезеңмен салыстырғанда неғұрлым ерте кезеңдер бойынша шын мәнінде мүмкін болмаса - осы жағдайдың орын алуына әкеп соққан жағдайлар және осы өзгеріс есеп саясатында қандай түрде және қай уақыттан бері қолданылғанын сипаттау.

Есеп саясатын **ерікті түрде өзгерту** ағымдағы кезеңге немесе қандай да болмасын өткен кезеңге әсер еткен не тиісті түзету сомасын айқындауға шын мәнінде мүмкін болмағанды қоспағанда, осындай әсер еткен не болашақ кезеңдерге әсер ете алатын кезде, ұйым мынадай ақпаратты ашып көрсетуі міндетті:

- (a) есеп саясатының өзгеру сипаты;
- (b) осы жаңа есеп саясатын қолдану сенімді және неғұрлым маңызды ақпарат беретін себептер;
- (c) ағымдағы кезең және есептілікте берілген әрбір өткен кезең бойынша нақты жүзеге асыруға болатындай дәрежеде - тиісті түзетулердің сомасын;

- (i) қаржы есептілігіндегі әрбір қозғалған сызықты бап бойынша; және
- (ii) егер ұйымға [33 ХҚЕС-ы \(IAS\)](#) қолданылса - акцияға базалық және таратылған пайда бойынша;
- (d) қаржылық есепте берілген алдыңғы кезеңдерге қатысты тиісті түзету сомасын - бұған нақты мүмкін болған дәрежеге дейін; және
- (e) егер ретроспективалық қолдану қандай да болмасын алдыңғы кезең бойынша немесе берілген кезеңмен салыстырғанда неғұрлым ерте кезеңдер бойынша шын мәнінде мүмкін болмаса - осы жағдайдың болуына әкеп соққан жағдайлар және осы өзгеріс есеп саясатында қандай түрде және қай уақыттан бері қолданылғанын сипаттау.

2. Бухгалтерлік есеп бағалауындағы өзгерістер

Бағалау ең жаңа қол жеткізілетін, сенімді ақпаратқа негізделген пайымдауды білдіреді. Мысалы, мыналарды бағалау қажеттілігі туындауы мүмкін:

- (a) сенімсіз борыштарды;
- (b) босалқылардың ескіруін;
- (c) қаржы активтерінің немесе қаржы міндеттемелерінің әділ құнын;
- (d) қызмет ету мерзімдерін немесе амортизацияланған активтерден экономикалық пайда алудың күтілетін сызба нұсқасын; және
- (e) кепілдік берілген міндеттемелерді.

Қандай да болмасын есептік бағалаудағы өзгерістің нәтижесі міндетті түрде оны **пайдаға немесе шығынға енгізу арқылы перспективалық** түрде танылуы тиіс жағдай:

(a) өзгеріс болған кезеңде, егер ол осы кезеңге ғана әсер етсе; немесе

(b) өзгеріс болған кезеңде және болашақ кезеңдерде, егер ол қайсысына да болмасын әсер етсе.

1-мысал. 2008 жылдың 1 қаңтарында компания 154000 долларға негізгі құралдар объектісін сатып алды, олар 14 жыл бойына амортизацияланатын болады. 2009 жылдың 31 желтоқсанында өндіріс көлемінің күрт өсуіне байланысты бұл объектінің қалдық мерзімі қайта қаралып, 4 жылға қысқарды. 2011 жылғы 31 желтоқсанда қаржылық дағдарысқа байланысты өндіріс көлемі күрт төмендеп, негізгі құралдардың қалған пайдалану мерзімі 9 жылды құрайтындығы анықталды.

Тапсырма. 2008 - 2012 жылдардағы тозу мөлшерін анықтаңыз. және 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың баланстық құны.

Ақпаратты ашып көрсету

Ұйым ағымдағы кезеңде әсер ететін немесе күтіліп отырғандай, осы әсер етуді бағалауға шын мәнінде мүмкін болмаған кезде осындай ақпарат ашу жағдайларын қоспағанда, болашақ кезеңдердегі әсер ететін осындай **есептік бағалаудағы өзгерістің сипатын және сомасын** ашып көрсетуге міндетті.

Егер болашақ кезеңдерге әсер ету сомасы оны бағалауға шын мәнінде мүмкін болмағандықтан ашып көрсетілмесе, ұйым осы фактіні ашып көрсетуге міндетті.

3. Қателер

Ұйым өткен кезеңнің елеулі қателерін шығару үшін бекітілген қаржы есептілігінің бірінші жиынтығында **ретроспективалық түрде** оларды мынадай жолмен анықтағаннан кейін түзетуге міндетті:

- (a) тиісті қате жіберілген алдыңғы берілген кезеңнің (кезеңдердің) салыстырмалы сомаларын қайта есептеу; немесе
- (b) қате ең ерте берілген алдыңғы кезеңдерге дейін орын алған кезде - ең ерте берілген алдыңғы кезеңдер активтерінің, міндеттемелерінің және меншікті капиталының кіріс қалдықтарын қайта есептеу арқылы.

Алдыңғы кезеңнің қателерін ашып көрсету

Ұйым мынадай ақпаратты ашып көрсетуі тиіс:

(a) тиісті алдыңғы кезеңнің қатесінің сипаты;

(b) есептілікте ұсынылған әрбір алдыңғы кезең бойынша шын мәнінде жүзеге асырылатындай дәрежеге дейін - тиісті түзетудің сомасын:

(i) қаржы есептілігіндегі әрбір қозғалған сызықты бап бойынша; және

- (ii) егер ұйымға [33 ХҚЕС-ы \(IAS\)](#) қолданылса - акцияға базалық және таратылған пайда бойынша;

- (c) ұсынылған кезеңдердің ең ерте кез басындағы тиісті түзету сомасын; және
- (d) ретроспективалық қайта санау қандай да болмасын алдыңғы кезең бойынша шын мәнінде мүмкін болып табылмаса, онда осы жағдайдың болуына әкеп соққан жағдайлар және қателер қандай түрде және қай уақыттан бастап түзетілгенін сипаттау.